



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

ЕЛ ТІЛЕГІ

№18 (978) Сәрсенбі 13 мамыр 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум арқылы қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы елдің саяси-құқықтық жүйесін кешенді жаңғыртуға бағытталған тарихи маңызы бар құжат болып табылады. Жаңа Негізгі заң қазіргі заман талаптарына, қоғамдық сұраныстарға және мемлекеттің ұзақ мерзімді даму мақсаттарына сәйкес әзірленіп, Қазақстанның болашақтағы даму бағытын айқындады. Конституцияның басты мақсаты – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыру, қоғамдық келісімді нығайту және заң үстемдігін қамтамасыз ету.

Жаңа Конституция Кіріспеден, 11 бөлімнен және 96 баптан тұрады. Конституцияның Кіріспесінде мемлекеттің негізгі құндылықтары, тарихи сабақтастығы, ұлттық бірлігі, қоғамдық келісім, заң мен тәртіп қағидаттары, ғылым мен білімнің маңызы, сондай-ақ болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік айқын көрініс тапқан. Бұрынғы Конституцияда Кіріспе тарихи-саяси сипатта болса, жаңа редакцияда ол мемлекеттің стратегиялық даму бағдары ретінде ерекше маңызға ие болды.

Жаңа Конституцияның негізгі ерекшеліктерінің бірі – «Әділетті Қазақстан» идеясын конституциялық деңгейде бекіту. Бұл қағидат қоғамдағы әділдік, теңдік және заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар «Заң мен тәртіп» ұғымы мемлекеттік басқарудың негізгі бағдары ретінде айқындалып, барлық мемлекеттік органдар қызметінің басты қағидаты ретінде қарастырылды. Бұл мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға және құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді.

Конституциялық құрылыстың негіздері бөлімінде Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі тағы да нақты бекітілді. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары өзгеріссіз сақталды. Бұл норма мемлекеттің құқықтық саясатының өзін құрайды және кез келген мемлекеттік шешімдер адам мүддесіне негізделуі тиіс екенін көрсетеді.

Жаңа Конституцияда егемендік, тәуелсіздік, унитарлық құрылым және аумақтық тұтастық мемлекеттіліктің өзгермейтін негіздері ретінде айқындалды. Бұл қағидаттар конституциялық деңгейде күшейтіліп, оларды қайта қарауға жол берілмейтіні нақты бекітілді. Осы арқылы мемлекеттің тұрақтылығы мен тұтастығын сақтаудың берік құқықтық кепілдігі қалыптастырылды.

Мемлекет қызметінің негізгі қағидаттары да едәуір кеңейтілді. Олардың қатарына адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, қоғамдық келісімді нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты патриотизмді дамыту, еңбексүйгіштік пен білім құндылықтарын дәріптеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тарихи-мәдени мұраны сақтау енгізілді. Бұл мемлекет дамуының құқықтық қана емес, әлеуметтік және рухани бағыттарын да қамтитынын көрсетеді.

Жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударылды. Өмір сүру құқығы ажырамас әрі

иеліктен шығарылмайтын құқық ретінде бекітілді. Сонымен бірге жеке өмірге қол сұғылмаушылық, дербес деректерді қорғау, цифрлық байланыс құпиясы секілді заманауи құқықтық кепілдіктер енгізілді. Бұл цифрлық технологиялар дамыған қазіргі кезеңдегі азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды тетігі болып табылады.

Конституция деңгейінде алғаш рет «Миранда ережесі» енгізілді. Яғни, ұсталған әрбір адамға оның құқықтары мен бостандығын шектеудің себептері міндетті түрде түсіндірілетін болды. Сонымен қатар кінәсіздік презумпциясы, өзіне және жақын туыстарына қарсы күәлік бермеу құқығы, бір құқық бұзушылық үшін қайта жауапқа тартуға жол бермеу қағидаттары дербес конституциялық нормалар ретінде бекітілді.

Сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндігі сақталғанымен, қоғамдық тәртіпке, ұлттық қауіпсіздікке және конституциялық құрылысқа нұқсан келтіретін насихат түрлеріне нақты шектеулер қойылды. Сонымен қатар ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық еркіндігі кеңейтіліп, зияткерлік меншік алғаш рет конституциялық қорғауға ие болды. Бұл ғылым мен инновацияны дамытуға бағытталған маңызды құқықтық қадам болып саналады.

Мемлекеттік басқару жүйесінде де елеулі өзгерістер енгізілді. Екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы «Құрылтай» құрылды. Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде белгіленді. Оның басты мақсаты – заң шығару процесін жеңілдету, тиімділікті арттыру және саяси жауапкершілікті күшейту. Құрылтай 145 депутаттан тұрады және депутаттар тек пропорционалды жүйе арқылы сайланады.

Конституциядағы маңызды жаңалықтардың бірі – Вице-президент институтының енгізілуі. Бұл жоғары мемлекеттік биліктің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар Қазақстан Халық Кеңесі құрылып, оған заңнамалық бастама жасау құқығы берілді. Бұл қоғамдық диалогты дамытуға және азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге ықпал етеді.

Конституциялық Соттың мәртебесі мен өкілеттіктері де күшейтілді. Ол Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган ретінде айқындалды. Конституциялық Сот халықаралық ұйымдардың шешімдерін Қазақстан Конституциясына сәйкестігі тұрғысынан қарау құқығына ие болды. Бұл ұлттық құқықтық жүйенің тәуелсіздігін және Конституцияның жоғары заңдық күшін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сот жүйесі мен құқық қорғау тетіктері де жаңартылды. Әкімшілік сот ісін жүргізу конституциялық деңгейде бекітіліп, азаматтардың мемлекеттік органдармен дауларда құқықтарын қорғау мүмкіндігі кеңейтілді. Адвокатура алғаш рет Конституция деңгейінде дербес институт ретінде танылып, азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігіне ерекше мән берілді.

Жаңа Конституция әлеуметтік саясат саласына да маңызды өзгерістер енгізді. Мемлекет азаматтардың әлеуметтік қорғалуына кепілдік беріп, тұрғын үйге қолжетімділік, медициналық көмек және

(Жалғасы 2 бетте)

КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысып, көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы баяндады.

Аймақта вегетациялық кезеңге арналған су лимиті 3 млрд 250 млн текше метр болып бекітілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 650 млн текше метрге аз. Осыған байланысты 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған.

Мемлекет басшысының су үнемдеу тапсырмасына сәйкес, биыл күріш алқабы 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектар болды. Кейінгі төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға немесе 21%-ға азайған.

Қажетті 65 600 тонна тыңайтқыштың 97 пайызы сатып алынды. Ауыл шаруашылығы техникалары 100 пайыз дайын. Көктемгі егіске мемлекет тарапынан 10144 тонна арзандатылған дизель отыны бөлініп, кестеге сәйкес жеткізілуде.

«Қысқартылған күріштің орнына суды аз қажет ететін дақылдар, оның ішінде жүгері 15 мың гектарға отырғызылады. Күріш себуі 22 сәуір күні басталып, бүгінде 35700 гектары егілді. Маусымның 1-не дейін аяқталады. Көктемгі дала жұмыстары қарқынды жүргізілуде, тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілген», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.



Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланып жауапты сала башыларына біркәтар тапсырма жүктелді.

«Шаруашылықтарды вегетациялық кезеңде суармалы сумен қамтамасыз ету ерекше бақылауда болуы тиіс. Су лимитінің магистральді және шаруашылықаралық каналдармен егіске алынуына, ауыспалы егіс тәртібінің сақталуына тұрақты мониторинг ұйымдастырыңыздар. Аймаққа келген су көлемін бақылауда ұстап, есебін қатаң жүргізу, вегетация кезеңінде

су шаруашылығы нысандарының, насостардың үздіксіз жұмыс істеуін қадағалау керек. Аз қамтылған азаматтарды жұмысқа тарту арқылы әлеуметтік тәуелділікті азайту, мүгедектігі бар және көпбалалы отбасыларды қорғау бағытындағы жұмыстарды күшейту маңызды. Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру, дорімен қамту және материалдық-техникалық базаны жақсарту арқылы медициналық көмекті қолжетімді ету керек», – деді аймақ басшысы.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ҚАН ДОНОРЛЫҒЫ АКЦИЯСЫ БАСТАУ АЛДЫ

Қызылорда облыстық Қан орталығында ана мен бала денсаулығын қолдауға бағытталған «Ана мен балаға өмір сыйлайық» атты қан донорлығы акциясы басталды.

Игі шараның мақсаты – қоғам назарын донорлық мәдениетке аудару, азаматтарды қайырымдылыққа үндеу, ана мен бала өмірін сақтауға үлес қосуға шақыру.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, облыста жыл сайын 20 мыңға жуық сәби дүниеге келеді. Ана мен бала өміріне қауіп төнетін шұғыл жағдайларда қан құю қажеттілігі жиі туындайды. Осындай сәттерде донор қаны көптеген аналар мен сәбилердің өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Акция 10 мамыр – Аналар күнінде бастау алып, 1 маусым – Балаларды қорғау күніне дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында қала және аудан әкімдіктерінің, облыстық басқармалар мен мекемелердің қызметкерлері қан тапсырып, қайырымдылық шарасына белсенді қатысады деп жоспарлануда.

Аталған ігі бастамаға облыс тұрғындарын белсенді қатысуға шақырамыз. Себебі әрбір тапсырылған қан – бір адамның өміріне үміт сыйлайды.

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ КҮШЕЙТІЛДІ



Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында өңірдегі су

айдындарындағы қауіпсіздік шаралары, шомылу маусымына дайындық барысы және сүңгуір-құтқару қызметінің жұмысы жан-жақты баяндалды. Брифинг барысында облыстық Төтенше жағдайлар департаменті Желел-құтқару жасағының бастысы Бақтияр Тұрманов салада атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды.

– Облыстық ТЖД Желел-құтқару жасағында 75 қызметкер жұмыс істейді, оның 55-і – сүңгуір мамандар. Сүңгуір-құтқарушылар тәулік бойы үздіксіз қызмет атқарады және кез келген жағдайда желел әрекет етуге дайын. Басты мақсатымыз су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрғындар арасында алдын алу жұмыстарын күшейту. Осы бағытта түсіндіру

шаралары тұрақты жүргізілуде. Шомылу маусымы кезінде белгіленген жағажайларда барлық қажетті жағдайлар жасалып, қауіпсіздік талаптары қатаң сақталды. Сонымен қатар, қауіпті аймақтарда ескерту белгілері орнатылып, мобильді бақылау бекеттері жұмыс істеуде. Құтқарушылар заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, кәсіби дайындықтарын үнемі жетілдіріп келеді. Бұл кез келген жағдайға желел әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді, – деді Бақтияр Маханбетжанұлы.

Спикердің айтуынша, биыл өңірде ресми түрде белгіленген 7 жағажай халық игілігіне қызмет етеді. Бұл орындарда демалушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдайлар қарастырылған.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!



ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ ҚОРҒАНЫ – ЗАҢ

12-14 мамыр аралығында қала көлемінде «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізіледі. Іс-шараның негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың жолын кесу.

Рейд барысында жасөспірімдердің жүріс-тұрысына бақылау жүргізіліп, заңды өкілдерінің қарауынсыз түнгі уақытта ойын-сауық орындарында және көшелерде бей-берекет жүрген кәмелетке толмағандар анықталатын болады.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін күшейту бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Интернет алаяқтық пен ұрлық қылмыстарының алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстар күшейтілуде. Қызылорда қаласындағы Президент саябағы аумағында криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері тұрғындар арасында кең көлемде түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Профилактикалық шаралар барысында жеке тұрғын үйлер, сауда орындары және халық көп шоғырланатын қоғамдық орындар араланып, азаматтарға интернет алаяқтықтарының арбауына түспеу, жеке деректерді бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз нөмірлерден келген хабарламаларға сақтықпен қарау жөнінде түсіндірілді.

Сонымен қатар бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын алу мақсатында тұрғындарға тұрғын үйлерді қараусыз қалдырмау, бағалы заттарды қауіпсіз жерде сақтау, есік-терезелердің беріктігін күшейту және күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда дереу полицияға хабарлау қажеттігі ескертілді. Полицейлер тұрғындарға арнайы жалдынамалар таратып, құқық бұзушылықтың алдын алу – баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.



ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ ӨТТІ



Полиция — жауапкершілігі жоғары, күрделі мамандық иесі. Қызмет барысында олар түрлі қиын жағдайларға тап болып, өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін сәттерде де азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Осыған орай, Қызылорда қалалық Полиция басқармасының психологтары қызметкерлердің жауынгерлік рухын нығайту, қиын жағдайларда әрекет етуге психологиялық тұрғыда дайын болуын қалыптастыру мақсатында арнайы тренинг ұйымдастырды.

Тренингтің негізгі мақсаты – полиция қызметкерлерінің қызмет барысында туындайтын шиеленісті жағдайларда психологиялық тұрақтылық дағдыларын жетілдіру және іс-қимылға дайындығын дамыту.

«Ақыл-ой әрекеті» тренингі барысында полицейлер топтарға бөлініп, қатысушыларға ойын форматындағы түрлі тапсырмалар ұсынылды. Тәртіп сақшылары жаттығуларға белсенді қатысып, мәселелерді ұйымшылдықпен шешті.

Барлық тапсырмалар ойын форматында ұйымдастырылғандықтан, қызметкерлер тренингке еркін қатысып, ой сергітті.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында Қызылорда қалалық полиция басқармасы қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторлары және учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, қорғау нұсқамасына алынған азаматтардың мекенжайлары тексеріліп, профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылық деректерін анықтау және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Егер тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне куә болсаңыз немесе осындай жағдай орын алса, дереу «102» нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз.

ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес Тасбөгет кенті аумағында учаскелік полиция инспекторлары тұрғындар арасында кең көлемде түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Профилактикалық шаралар барысында жеке меншік тұрғын үйлер, сауда орындары, халық көп шоғырланатын қоғамдық орындар араланып, азаматтарға интернет алаяқтықтарының арбауына түспеу, жеке деректерді бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз нөмірлерден келген хабарламаларға сақтықпен қарау жөнінде түсіндірілді.

Сонымен қатар бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын алу мақсатында тұрғындарға үй-жайларды қараусыз қалдырмау, бағалы заттарды қауіпсіз жерде сақтау, есік-терезелердің қауіпсіздігін күшейту және күдікті тұлғалар байқаған жағдайда дереу полицияға хабарлау қажеттігі ескертілді.



БҰРЫНҒЫ БИЛЕР СОТЫ – БҮГІНГІ МЕДИАЦИЯ

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы 28- қаңтарда қабылданып, бүгінгі күні елімізде жүзеге асырылуда. «Медиация туралы» Заңы Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін реттейді. Өкінішке орай, медиация рәсімі арқылы дауларды шешудің жана балама тәсілі туралы барлығы біле бермейді. Алайда мұндай тәсілдің бар екенін білетіндердің өзі құқықтарын сотта қорғауды жөн көреді. Себебі, біздің азаматтарымыз өз менталитетіне байланысты медиацияны орынды тәсіл ретінде қабылдай алмайды. Сот органдары және өзге де органдар «Медиация туралы» Заңын халық арасында насихаттау барысында айтарлықтай жұмыс жүргізіп жатыр, бірақ медиаторлар да өз тараптарынан адамдарды қызықтыра білуі тиіс.

Медиация – бұл адамның құқығына, бостандығына және өзіне деген құрметті арттыруға, өркеніетті азаматтық және парасатты қарым-қатынастарды қалыптастыруға, әлеуметтік және өзге де дауларды шешуге қоғам санасын нығайтуға бағытталған әмбебап құқықтық құрал.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі яғни медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің



баламалы әдісі, оны тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсінген абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашып, дауды шешудегі медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Қорыға келгенде, Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» Заңның қабылдануы өркеніет көшіне бапал бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айтақтайды. Негізінен айтқанда бұл заң қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата бабалар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамдарының бірі, халыққа оның тиімділігі мол деп есептесек қателеспейміз.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

(Басы 1-бетте)

білім беру мәселелерін нақтылады. Бастауыш және негізгі орта білімнің тегін әрі міндетті екендігі сақталып, азаматтардың сапалы білім алу құқығына ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар экологиялық қауіпсіздік мәселелері де Конституцияда маңызды орын алды. Мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды өз міндеті ретінде бекітті. Табиғатты қорғау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау әр азаматтың конституциялық міндеті ретінде айқындалды.

Қорытындылай келе, 2026 жылғы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы – елдің саяси, құқықтық және әлеуметтік дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды стратегиялық құжат. Ол мемлекеттік басқаруды жаңғыртуға, адам құқықтарын қорғауды күшейтуге, қоғамдық келісімді нығайтуға және заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа Негізгі заң Қазақстанның тұрақты әрі әділетті мемлекет ретінде дамуының берік құқықтық негізін қалыптастырады.

Мадина АЙТМОВА,
ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше
жағдайлар департаменті Онеркәсіптік
қауіпсіздік басқармасының бөлім басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мұнайлы аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 210440025687) қайта ұйымдастыру жолымен бөліп шығарылуына байланысты, талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен жайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 орам, №30 құрылыс бойынша орналасқан 3 қабат, 301 кабинет. ұ.т. 87013971797.

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения «Мунайлинский районный отдел строительства» (БИН 210440025687), иски принимаются в 2 месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу: Мангистауская область, Мунайлинский район, село Мангистау, квартал 14, строение №30, 3 этаж, 301 кабинет. с.т. 87013971797

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Онгарова А.К.» ЖТ21.05.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласында, Байтерек мөлтек ауданында, 1 данғыл, 2 «А» құрылысында орналасқан бетондық өнімдерді өндірістік базасының құрылысына»жұмыс жобасына «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша көпшілік алдында талқылау түрінде бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Жобаға қатысты ұсыныстар мен ескертулерді бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қалдыруға болады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Онгарова А.К.» ЖТ, Қызылорда облысы, Қызылордақаласы, Әуезовкөшесі, 2 үй, 1 пәтер тел: 8 702 424 3999.

Жобаны әзірлеуші: «Орда Проект Консалтинг» ЖШС-і, БСН 111240003333, Қызылорда қаласы, Жахаева көшесі 66/3,тел: 8 (7242) 230335.

Қосымша мәліметтерді алуға болатын электрондық пошта мен телефон нөмірі: 8 (7242) 230335, e-mail: ordaproekt2011@mail.ru.

ЖАО электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, N1, тел: 8- (7242)-60-53-62

ОБЪЯВЛЕНИЯ

ФЛ «Онгарова А.К.» уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения с 21.05.2026 г. в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> по разделу «Охрана окружающей среды» рабочему проекту «Строительство производственной базы бетонных изделий «Байтерек» по адресу город Кызылорда, мкр. Байтерек- 1, проспект 1, строение 2 «А»».

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности: ФЛ «Онгарова А.К.», Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. М. Ауезова дом №2, кв. №1, тел: 8 702 424 3999

Разработчик проекта: ТОО «Орда Проект Консалтинг», БИН 111240003333, г.Кызылорда, ул. Жахаева 66/3, тел: 8 (7242) 230335.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел: 8 (7242)230335, e-mail: ordaproekt2011@mail.ru.

Электронный и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62



ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазалы ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекенжайында орналасқан «Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылдың 08 маусым сағат 9:00 ден бастап 2026 жылдың 26 маусым сағат 19:00 ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекенжайындағы Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залы 2026 жылдың 29 маусым күні сағат 10:00 ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (кайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлесінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлесіне тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына келісімі жөніндегі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме камтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8(72438) 79280, ішкі нөмір: 6971

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурсына шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сипаттамасы	Судың болуы
1	Қазалы ауданы, Арықбалық ауылдық округі, «Атсойған» учаскесі	50 жайылымы – 45 басқа алқап - 5	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Бар
2	Қазалы ауданы, Күмжіек ауылдық округі, «Өтебас» учаскесі	500 жайылымы – 450 басқа алқап - 5	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
3	Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, «Жылқышабар» учаскесі	300 жайылымы – 270 басқа алқап - 30	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Бар
4	Қазалы ауданы, Алға ауылдық округі, «Қасқа» учаскесі	100 жайылымы – 90 басқа алқап - 10	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Бар
5	Қазалы ауданы, Тасарық округі, «Үш мазар» учаскесі	700 жайылымы – 630 басқа алқап - 70	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
6	Қазалы ауданы, Күмжіек округі, "Бұлқайыр" учаскесі мен «Мәдениет» учаскесінің аралығы	500 жайылымы – 450 басқа алқап - 5	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
7	Қазалы ауданы, Бөзкөл ауылдық округі, «Байқалам» учаскесі	350 жайылымы – 315 басқа алқап - 35	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Бар
8	Қазалы ауданы, Алға ауылдық округі, «КПЕН» учаскесі	250 жайылымы – 225 басқа алқап - 25	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Бар
9	Қазалы ауданы, Қызылқум ауылдық округі, «Нұрман» учаскесі	500 жайылымы – 480 басқа алқап - 20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
10	Қазалы ауданы, Күмжіек ауылдық округі, «Долан» учаскесі мен «Балтабай жайлауы» учаскесінің аралығы	800 жайылымы – 720 басқа алқап - 80	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
11	Қазалы ауданы, Күмжіек ауылдық округі, «Талды құдық» учаскесі мен «Дүкендің қуысы» учаскесінің аралығы	800 жайылымы – 720 басқа алқап - 80	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
12	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Шилі» учаскесі мен «Мансұр» учаскесінің аралығы	500 жайылымы – 480 басқа алқап - 20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
13	Қазалы ауданы, Күмжіек ауылдық округі, «Алманияз» учаскесі	200 жайылымы – 180 басқа алқап - 20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
14	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Күртебай» учаскесі мен «Әлдебай» учаскесінің аралығы	500 жайылымы – 480 басқа алқап - 20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
15	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, «Егізбай құдық» учаскесі мен «Ірқау құдық» учаскесінің аралығы	500 жайылымы – 480 басқа алқап - 20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
16	Қазалы ауданы, Қызылқум ауылдық округі, «Қарабұра» учаскесі	500 жайылымы – 480 басқа алқап - 20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
17	Қазалы ауданы, Қызылқум ауылдық округі, «Нұрман» учаскесі	500 жайылымы – 480 басқа алқап - 20	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ
18	Қазалы ауданы, Күмжіек ауылдық округі, «Шоқпар» учаскесі	1000 жайылымы – 900 басқа алқап - 100	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жоқ

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Уведомление о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из сельскохозяйственных земель на территории Казалинского района опубликовано на интернет-ресурсе местных исполнительных органов районов, городов областного значения и центральных уполномоченных органов в пределах соответствующей области.

Принимать заявки на участие в конкурсе осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Казалинского района» по адресу: Казалинский район, поселок Айтеке би, улица Жанқожа Нұрмұхамедұлы №130, с 9:00 часов 08 июня 2026 года до 19:00 часов 26 июня 2026 года.

Место и время проведения конкурса: 29 июня 2026 года с 10:00 часов по адресу: Казалинский район, поселок Айтеке би, улица Жанқожа Нұрмұхамедұлы №130, зал заседания акимата Казалинского района.

1) заявка на участие в конкурсе по предоставлению

права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства;

Для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан - наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителе и участниках или акционерах заявителя - юридического лица с указанием размера их долей в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц - фамилия, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность), место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер заявителя, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местонахождение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства обязательства по заключению указанного договора в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства.

